

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Біз тұратын ауыл.

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/68510/>**Білім беру саласы:** «Коммуникация»**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Сөйлеуді дамыту**Тақырыбы:** «Біз тұратын көше»

Мақсаты: Сөз және сөз ұйқастарынан құрылған ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Қаланың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра білуге үйрету. Өз мекеніне, қаласына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: түрлі - түсті қарындаштар, үлгі суреттер, бейнетаспа, таратпа құралдар.**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік, ойын технологиясы.**Үштілділік:** қала-город-city, көше -улица-street.

Іс-әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

<p>Мотивациялық-қозғаушы кезең</p>	<p>-Балалармен сәлемдесу. — Оқу қызметімді бастамас бұрын бейнероликке назарларыңды аударыңдар. — Мына бейнероликте сендер өмір көрдіңдер? -Балалар, сендер қай қалада тұрасыңдар? -Дұрыс айтасыңдар, балалар, біз Шиелі кентінде тұрамыз.</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>-шаттық шеңберіне тұрады. -назарларын бейнероликке аударды. -Шиелі кенті жайлы бейнероликті көрдік.</p>	
<p>Ұйымдастырушы-ізденуші кезең</p>	<p>— Балалар, бүгін біз «Коммуникация» білім беру саласы бойынша Сөйлеуді дамыту оқу кезеңінен сендерге туып өскен жеріміз, қаламыз жайлы өңгімелесетін боламыз. — Балалар, сендер білесіңдерме, Қазақстан Республикасының көптеген қалалары мен ауылдары бар. Сол қалада сендер сияқты бақытты балалар тұрады. Бір адам өзінің туып өскен жерін мақтан етеді. Мен де өзім туып өскен жерімді мақтан етемін. Сол себептен біз тұратын қала жайлы өңгіме қозғайтын боламыз. Суреттен жұмыс — Біз Шиелі кентінде тұрамыз. Кентімізде мектептер және бала-бақшалар, театрлар, кітапханалар демалыс орындары, ескерткіштер көп. Күні бойы қалада қыдырып, оның әсемдігіне тамсанып, тамашалана береміз. Біздің қаламызда атақты жерлеріміз арналған ескерткіштер, қала көшелерінде неше түрлі үйлер, әдемі ғимараттар көп. Дидактикалық ойын: «Менің мекенжайым» — Біздер әртүрлі көшелерде тұрамыз. Мәселен, мен С.Асфандияров көшесінде тұрамын. Біздің қалада қандай демалыс орындары бар? — Біздің қалада қандай демалыс орындары бар? -Балалар, шаршаған боларсыңдар, қане, бойымызды бір сергітіп алайық. Сергіту сәті Көше бойы келеміз, Онда не бар көреміз: Автобекет, дүкендер, Мұражай мен өзежай, Барлық үйлер сәулетті Біздің қала әдемі! Үлгіділік: қала-город-city, көше -улица-street Тапсырма аяқтамасы Ø Суреттердің ішінен Қызылорда қаласындағы ескерткіштерді тауып қалташаға салу. Үлгі сурет бойынша қиынды бөліктерден суретті құрастыру.</p>	<p>-мұқият тыңдап отырады. -суретке назар аударып, мұқият тыңдайды. өздері тұратын көшенің атын атайды. -Өлең жолдарын бірге айтып, мазмұнға сай қимылдап, сергіту сәтін жасайды. -қала-город-city — көше -улица-street -берілген бірнеше суреттер ішінен Қызылорда қаласын тауып, қалташаға орналастырады. -үлгі суретке қарай отырып, суретті құрастырады. -«Менің қалам» тақырыбында сурет салады.</p>	
<p>Рефлексивтік кезең</p>	<p>«Сұрақтар аяқтамасы» қызметін талдап қорытындылау. қызметінде не жайлы өңгімелесті? ескерткіш, ғимараттар бар екен? Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? -Балаларды мақтап, мадақтау.</p>	<p>Шығармашылық сәт Сұрақтар қойып, оқу -Бүгінгі оқу -Біз тұратын қалада қандай -</p>	<p>-қойылған сұрақтарға жауап береді. -қаламыз жайлы -мұражай, театр, саябақ, демалыс паркі. -я, ұнады</p>

Күтілетін нәтижелер:
Түсінеді: өз мекен-жайы мен тұрғылықты қаласының атын, ондағы мәдени орындары туралы түсінеді;
Қолданады: жаңа сөздерді үш тілде қолданады, қаланың көрікті орындарын сипаттап, өңгіме құрастыруда ғимараттардың атауын қолдана алады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықпен қорғалған.